# ЗОРБТАР СИЯҚТЫ ІСТЕ



**Автор: Рания Загир**
**Суретші: Татьяна Антоун,
Студия Гаргамель**

**Бұл кітапша Димитриге арналады.**
**Ол болмаса біз ешқашан Жер планетасына**
**қона алмас едік.**

**Зорбтар.**



# ЗОРБТАР СИЯҚТЫ ІСТЕ

**Автор: Рания Загир**
**Суретші: Татьяна Антоун,
Студия Гаргамель**

**Сәлем! Мен ОСЫНДАМЫН!**

**Зырылдауықтың үстінде!**

**Мені КӨРЕ аласың ба?**

**Мені көргенде, менің атымды ДАУЫСТАП АЙТ.**


ИНТЕЛЛААА


Сені таныстырайын:
Сентимо, ол – қамқоршыл.
Сигнал, мәселе шешуші.
Скутер, топ мүшесі.



**Ал, бұл – мен, Интелла. Мен шығармашылық тұрғыдан ойлаймын.**

**Біз бәріміз - ЗОРБТАРМЫЗ.**


ZORB

**Зорбтықтар бір-біріне және планетамызға деген құрметтерін жоғалтып алды. Зорбтардың адамның ішкі дүниесін сезетін қасиеті бар, сондықтан біз адамдар жаман мінез-құлықтарын көрсеткен сәттерді байқаймыз.**





Біз Жерге қонған кезде көптеген адамдармен кездестік. Олар, көбінесе, сыпайы, мейірімді және сыйластық танытты.

Бірақ барлық кезде олай БОЛҒАН ЖОҚ.
Кейде олар дұрыс емес әрекет жасады ...

ӨТЕ ДҰРЫС ЕМЕС.



**адамдардың қашан өзін жаман ұстайтындығын біләміз, өйткені Зорбтар адамдар өздерін не сезінетінін сезіне алады.**



Карменнің жылап жатқанын көргенде, біз Сентимомен бірге мектеп асханасында болдық.

Кармен мектепке пончо киіп келетін еді.

Лилли оны барлығының көзінше күлкі етті.

Ол қайта-қайта солай жасай берді.

Кармен қатты қайғырды, біз де мұңайдық.

Ойын алаңында біз Самидің Свенді оның көрінісін мазақ етіп жатқанын көрдік.

Свен достарына және мұғалімдерге бұл жағдай туралы айтуға қорықты.

Ол басқа достары да оны мазақтайтынынан қорықты.

Біз де одан қорықтық.








**Сыныпта біз Карлос пен Кофидің Мианың сөмкесін алып, ішіндегі заттарын жерге тастағанын көрдік. Мия мазақ болғаны үшін қатты ренжіді.**

**Біз де ренжідік.**

**Ата мен әже мектеп кітапханасында кітаптарды сөреге қойып жатқанда, сүрініп, құлап қалған кезде, біз де сол жақта едік.**

**Изабелланың көмектесудің орнына, қатты күлгенін көрдік.**

**Бұл инабатсыздық болды, біз де оны сезіндік.**





Бұның бәрін көргеннен кейін Сентимо екеуміз дұрыс нәрсе істеу туралы шешім қабылдадық.
Бірақ бізге көбірек көмек қажет екенін сездік. Сондықтан Сигнал мен Скутерге не болғанын айттық.
Сигнал керемет ЗОРБТЫҚ идея айтты.





Скутер қағаз, қалам, жөргек және
мөр алды. Бәріміз бірге зорбталған
хат жазып, балаларға жібердік.

Кімнен: Интелла
Кімге: Кармен

Кімнен: Интелла
Кімге: Лилли

Кімнен: Сентимо
Кімге: Свен

Кімнен: Сентимо
Кімге: Сами

Кімнен: Сигнал
Кімге: Миа

Кімнен: Сигнал
Кімге: Карлос

Кімнен: Скутер
Кімге: Кофи

Кімнен: Зорбтар
Кімге: **СЕН**

Кімнен: ____________________
Кімге: ____________________

Кімнен: ____________________
Кімге: ____________________


Құрметті балалар,
Біз ЗОРБТАРМЫЗ.
Сіздерді біздің үлкен Зорб кешімізге шақырамыз.
Өте көп қызық нәрселер жасаймыз!
Күні: 18 қыркүйек
Уақыты: 16:00
Өтетін жері: Зорбтардың ғарыш кемесі

**Біздің кешке келмес бұрын, бізге осы сұрақтарға жауап табуға көмектесіңіз.**

**Құрметтің мәні неде?**

___________________________

___________________________

___________________________

**Өзгелерге қалай құрмет көрсетеміз?**

___________________________

___________________________

___________________________

___________________________

**Басқалар бізге қашан құрмет көрсетеді?**

___________________________

___________________________

___________________________

___________________________

Құрмет көрсету үшін қандай сөздер мен қимылдар жасай аламыз?

Өзгелердің құрметіне қалай ие бола аламыз?

Неліктен құрмет маңызды?

**Неліктен құрмет маңызды?**
**Өзгелердің құрметіне қалай ие бола аламыз?**

**Сіз 18 қыркүйектің құрмет күні екенін білесіз бе? Бұл бір-біріне құрметпен қарауға арналған күн. Оны күнтізбеңізде белгілеп қойыңыз!**

Зорбтар Зорбтық кешке дайындалды. Олар балалардың бір-бірін құрметтеудің қаншалықты маңызды екенін түсінгендерін қалады.

## Құрмет пиццасы




Сигнал Зорбтық пицца жасады.

Сентимо Зорбельді торт пісірді. Құрмет торты.





Скутер барлығымен ойнау үшін Зорбастик зырылдауықты еденге қойды.





18 қыркүйек.

Кешке қош келдіңіз!



Сентимо балаларға жауаптарын мына жерге жазуға көмектесті:




Инабатсыз
Қарт адамдар мен ерекше қажеттіліктері бар адамдарды күлкі ету.
Тек өзіңіз туралы ойлап, басқалардың сезімін ауырту.
Өсек айту және мазақ ету.
Сабақ ережелерін бұзу.
Басқа адамдардың заттарын олардың рұқсатсыз пайдалану.
Басқаларды сөйлеп жатқанда үзу.


Құрмет
Көршілер
Планета
Мұғалімдер
Достар
Ата-аналар

**Зырылдауықты айналдыру уақыты келді! - деді Скутер толқып. Балалар кезекпен құрмет шыңын айналдырды.**

**Жоғарғы жағы тоқтаған кезде, оны айналдырған адам не жазылып тұрғанын дауыстап оқып шығуы керек болды.**

**Жоғарғы жақта жазылғанның олардың мектептегі мінез-құлқына сай ма екенін айту керек болды.**



**Бланкілерді толтырыңыз.**

**Күтім** **Құқық** **Кешірім сұрау** **Сыйластық**

**Лилли Карменнің не кигісі келетіні туралы ______________________ құрметтемейтінін түсінді.**

**Сами Свеннің келбетін құрметтемегені үшін _______________.**

**Карлос пен Кофи Мианың заттарын ____________ және құрметпен қарамағаны үшін жаман сезінді.**

**Изабелла кітапханада жасаған істерінің бәрін жоюға тілек білдірді. Ол ата-әжеге көбірек ______________ көрсеткенін тіледі.**


Құрмет пиццасын жейік.


Десертке де орын қалдырыңыз. Мен сіздер үшін Құрмет тортын дайындадым!



Пицца мен тортты жеп, көп ойын ойнағаннан кейін, үйге қайтудың уақыты келді. Олар Зорбтарға керемет кеш үшін алғыс айтты және барлығы өздерін қабылданған, сүйікті және оларды құрметтейтінін сезінді.

Зорбылықпен, сіздердің
ЗОРБТАРЫҢЫЗ.



**GRACE initiative**

grace.unodc.org

unodc-grace@un.org

**© Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2019, 2020.**
Бұл жарияланым Attribution-ShareAlike 3.0 IGO (CC-BY-SA 3.0 IGO) лицензиясы бойынша қол жетімді (http://creativecommons.org/licenses/by-sa/3.) Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және Қылмыс Жөніндегі Басқармасы (БҰҰ ЕҚБ) осы жарияланымды дереккөз ретінде пайдаланатын кез-келген жарияланымның көшірмесін алатыны үшін алғыс білдіреді.

**Жауапкершілікті шектеу туралы мәлімдеме**
Бұл жарияланымның мазмұны міндетті түрде БҰҰ ЕҚБ немесе ықпал етуші ұйымдардың көзқарастарын немесе саясатын көрсетпейді және ешқандай растауды білдірмейді.

Бұл құралдар жиынтығын БҰҰ ЕҚБ-ның Сыбайлас жемқорлыққа және экономикалық қылмысқа қарсы күрес бөлімі (CEB) Доха декларациясын жүзеге асыру жөніндегі жаһандық бағдарламаның Сот төрелігіне арналған білім бастамасының аясында әзірледі.

**Төрт достың бүкіл әлемдегі балаларға көмектесуі туралы Зорбтардың басқа оқиғаларымен таныс болыңыз.**



**fun-corner.unodc.org**

GRACE Global Resource for Anti-Corruption Education and Youth Empowerment

# ЗОРБТАР СИЯҚТЫ ІСТЕ





















UNODC
United Nations Office on Drugs and Crime